

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

Бекітемін
Академия бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
заң ғылымдарының докторы
профессор
полиция полковнигі
_____ З.С.Тоқыбаев
« ____ » _____ 2016 ж

**Пән бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

PSI 5204 «Психология»
6M030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
Бейіндік магистратура

Курс -1
Семестр -1
Кредит саны -2

Қарағанды 2016

«Психология» пәні бойынша «Құқық қорғау қызметы» мамандыққа арналған
ОӘК

Құрастырған: Педагогика және басқару теориясы кафедрасының
профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Г.С.Имажанова

Қазіргі таңда ішкі істер орган қызметкерлерінің психологиялық-педагогикалық дайындығын жетілдіру мәселесі өзгеше орын алып отыр. Психология пәні қызметкерлердің психологиялық білімдермен қаруландыруды, адам психикасының ерекшеліктері жөнінде теориялық және тәжірибелік түсініктер беруді көздейді.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды «___» _____ 2016 жыл, №__ хаттама

Педагогика және басқару
теориясы кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Е.Т. Түсіпбеков

ОӘК мәжілісінде қарастырылды «___» _____ 2016 жыл, №__ хаттама

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	БМ030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша
2. Курс, семестр	1
3. Пән циклы	Әлеуметті гуманитарлық
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	ЖООКББИ аудиториясы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Педагогика және басқару теориясы кафедрасының профессоры, п.ғ.к., полиция полковнигі Г.С. Имажанова. Кафедрада болу уақыты 9.00 - 17.30 әр жұма сайын, сенбі күні 9.00 - 14.00.сағатқа дейін. Кафедрадағы байланыс телефон -371
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Педагогика және басқару теориясы кафедрасының профессоры, п.ғ.к., полиция полковнигі Г.С. Имажанова. Кафедрада болу уақыты 9.00 - 17.30 әр жұма сайын, сенбі күні 9.00 - 14.00.сағатқа дейін. Кафедрадағы байланыс телефон -371

3.2 Пререквизиттер: Психология пәнінің мақсаты – магистранттардың психология-педагогикалық дайындығын жетілдіру. Мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес. Психологиялық мәдениетті қалыптастырудың жолдары мен тәсілдері, алдағы әрекеттердегі күзіреттілігі. Магистранттарға тәжірибедегі кәсіби қарым-қатынас технологияларын ары қарай дамытудағы келешекті түсінуді қамтамасыз ететін кәсіби маңызды ептіліктер жүйесі.

Жеке тұлғаның психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып жетекшінің жеке кәсіби стилін қалыптастыру.

3.3 Постреквизиттер: Психология пәнін оқып білгеннен кейін осы пәннің қолданбалы сұрақтарымен детальді түрде таныстыру – қызмет бабындағы адамдардың өзара қарым-қатынастары, психологиялық байланысты орнату, дау-жанжалдарды шешу - мақсатқа лайықты. Бұларды келесі пәндерді оқып білуде қолдануға болады: философия, құқық негіздері.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау: Психологияның зерттейтін пәні- психика. Психология ғылым ретінде психиканың әр түрлі құбылыстарын зерттеу және түсіндіруімен ғана емес, сондай-ақ олардың мәнін қорыта талдау және ашып көрсету, яғни солардың негізінде психологиялық құбылыстар мен процестердің себептерін, әрі олардың болашақта көрініс беретіндігін болжауға болатын белгілі бір заңдылықтарды ашып анықтаумен

шұғылданады. Психология-психикалық құбылыстардың пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Зерттеу объектісі-адам.

Пәнді оқыту міндеті - психикалық әрекеттердің даму барысындағы заңдылықтарды зерттеу (Жан құбылысын жете түсінуге мүмкіндік беру; Адамды тәлім-тәрбиеге ұмтылту; Психологияның басқа ғылымдармен байланысын ашу; Ғылыми шығармашылықтың әлеуметті мәдениетке байланыстылығын көрсету; Психология ғылымының қалыптасуын және жеке тұлғаның рөлін зерттеу). Бұл заңдылықтар адам миындағы объективтік дүниенің бейнелеуін, осыған байланысты оның қылықтары қалай реттелетінін, психикалық әрекет қалай дамидынын және тұлғаның психикалық қасиеттері қалай қалыптасатынын ашып көрсетеді. Психика объективтік шындықтың бейнеленуі екені белгілі, сондықтан психологиялық заңдылықтарды зерттеу, алдымен, психикалық құбылыстардың адамның өмірі мен іс-әрекетінің объективті жағдайларына байланысты болатынын білдіреді. Соңғы онжылдық көлемінде психологиялық зерттеулер шеңбері айтарлықтай кеңіп, жаңа ғылыми бағыттар мен пәндер пайда болды. Психология ғылымының ұғым аппараты өзгеріп, жаңа жорамалдар мен тұжырымдамалар үздіксіз пайда болып, психология жаңа эмпирикалық мәліметтермен толығуда. Психология зерттейтін құбылыстар аумағы өте кең. Ол күрделілік деңгейі әр түрлі-сезім мүшелеріне әсер ететін объектінің жеке түрлерінің қарапайым айырмашылығынан бастап тұлғаның мотивтік күресіне дейін болатын адамның күйлері мен қасиеттерін, үрдістерді қамтиды. курстың мақсаты және міндеті, қысқаша мазмұны (пән бойынша қарастырылатын тақырыптар мен негізгі сұрақтар)

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер	Бақылау нысаны (рейтинг-)	Балл (рейтинг-)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	реферат	Пән бойынша алынған теориялық білімдерді талдау, қорыту және бекіту.	3.7 п.қара	Рефератты ауызша қорғау	1,33 -4,0	реферат	Тәжірибелік сабақта оқытушының келісімімен
2	эссе	Пән бойынша алынған теориялық білімдерді талдау, қорыту және бекіту.	3.7 п.қара	Эссені жазба ша түрде қорғау	1,33 -4,0	эссе	Тәжірибелік сабақта оқытушының келісімімен

3.6. Курс саясаты: Магистранттардың міндеті үнемі дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтарына кесте бойынша қатысу, пән бойынша тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, кітапханадағы әдебиеттермен өзіндік жұмыс істеу.

Магистранттардың жауапкершілігі кешігуі, сабаққа келмеуі, аудиториядағы қылықтары, басқа да магистранттардың сабақтарды қабылдауы «ҚР ІМ Б.Бейсенов ат ҚА ішкі тәртіп ережесімен» қарастырылады.

Егер де мерзімінен кешігіп берілген хаттық жұмысы берілсе де («Пән бойынша тапсырмаларды тапсырмаса және орындау кестесі орындалмаса» кара) білімінің бағалау рейтингі 10% пайызға төмендетіледі.

Магистранттың жеке өзі болмай соңғы бақылау жүргізілмейді. Барлық кезде емтиханда болмау «ҚР ІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының оқу процесін ұйымдастыру ережесімен» реттеледі. Сабаққа кешігіп келу және сабақты босату, босатылған сабақтарға өтем жасауға рұқсат алу шарты, аралық аттестация, өзіндік жұмыстарды кеш ұсыну, білім алушылардың аудиториядағы тәртібі және т.б.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№№ р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Алматы, 1999 г.
2.	Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».	17 Қаңтар 2014, Астана
2. Негізгі әдебиеттер		
3.	Аймауытов Ж. Психология	А., 1995
4.	Алдамұратов Ә. Қызықты психология.	А., 1992
5.	Атлас по психологии. / Под ред. М.В. Гамезо, И.А.	М., 1986
6.	Домашенко. -	Алматы., 1996
7.	Алдамұратов Ә. Жалпы психология	М., 1986.
8.	Выготский Л.С. Собр.сочинений в 6 томах. 6.	М., 1996
9.	Выготский Л.С. Мышление и речь..	- М., 1984.
10.	Выготский Л.С. Собрание сочинений.	М., 1976.
11.	Гальперин П.Я. Введение в психологию.	М., 1988
12.	Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в психологию..	СПб., 2000
13.	Дружинин В.Н. Психология общих способностей.	- М., 1997.
14.	Дьюи Д. Психология и педагогика мышления.	А., 1980
15.	В.В.Богословский, А.Г.Ковалев т.б. редакциясымен.	А., 1993.
16.	Жарықбаев Қ. Психология.	Алматы.,2002.
17.	Жарықбаев Қ.Б. Жан тану негіздері	А., 1995
18.	Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі	А., 1992
19.	Жұмабаев М. Педагогика	СП.,2002
	Зинченко Т.П.Память в экспериментальной о	Ақмола, 1992
	когнитивной психологии	СПб., 2000

20	Итбаев Н.И. Жалпы психология..	СПб., 2000
21	Изард К. Психология эмоций (перевод с английского).	
22	Крайг Г. Психология развития (перевод с английского). Краткий психологический словарь/Сост. Л.А. Карпенко; Под общ. Ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. Крутецкий В.А. Психология.	М., 1985 М., 1986 М., 1996 М., 1986
23	Колесников В.Н. Лекции по психологии индивидуальности.	М., 1995 А., 1986
24	Коломинский Я.Я. Человек: психология.	М., 1981
25	Кан-Калик В.А. Грамматика общения	М., 1975
26	Құдайқұлов М.Ә. Қабілеттілік, дағды, шеберлік.	Тарту: ТУ, 1974
27	Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики.	М., 1981
28	Лурия А.Р. Эволюционное введение в психологию. -	Караганда, 2003
29	Леонтьев А.А. Психология общения.	Т. 1. - М., 1995
30	Ломов Б.Ф. Проблема общения в психологии.	Алматы., 2003
31	Мирза Н.В., Румянцева Л.Е. Основы профессионально-педагогического общения.	М., 1995 СП., 2001
32	Немов Р.С. Психология. СС в 3-х томах.	А., 1996
33	Сәбет Бап-Баба Жалпы психология	А., 1966
34	Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека.	А., 2006
35	Столяренко И.С. Психология управления и делового общения	А., 2013
36	Тәжібаев Т. Психология.	
37	Темірбеков А. , Балаубаев С.П. Психология	
3. Қосымша әдебиеттер		
38	Квинн В. Прикладная психология.	СПБ., 2000
39	Стефаненко Т.Г. Этнопсихология.	М., 2000,
40	Петровский А.В. Введение в психологию.	М., 1995
41	Хрестоматия по ощущению и восприятию./ Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер.	М., 1975,
42	Петровский А.В. Роль фантазии в развитии личности.	М.«Знание»., 2000
43	Дудецкий А.Я. Теоретические вопросы воображения и творчества. Немов Р.С. Общая психология. М., 1996.	Смоленск, 1990
44	1.	

№	Оқылатын тақырыптардың атауы	Дәріс	Семинар	Тәж	МОӨЖ	МӨЖ
1	Психология пәні және міндеттері	2	1	2	5	5
2	Психикалық процесстер және күйлер	2	2	2	6	6
3	Интеллектуалды функцияларды дамыту-ес	1	2	1	4	4
4	Интеллектуалды функцияларды дамыту - ойлау	1	1	1	3	3
5	Интеллектуалды функцияларды дамыту – зейін	1	1	1	3	3
6	Тұлғаның жеке типтік	1	2	2	5	5

3.8 «Психология» пәні бойынша тақырыптық жоспары

	қасиеттері					
7	Қарым-қатынас психологиясы	2	1	1	4	4
	Итого	10	10	10	30	30

3.9. Сабақ жоспары.

Дәріс 1. Психология пәні және міндеттері

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Психологияның заты.
2. Психологияның құрылымы және тәсілдері.
3. Психологиялық - педагогикалық құбылыстың және заңдылықтардың ғылыми түсініктеме.

Адам - көптеген ғалымдардың зерттеу тақырыбы болып келеді. Адамзат өзінің тарихын, шығу тегін, тілдері мен салт-дәстүрлерін тануында психология ғылымы ерекше орын алады. Ежелгі ойшылдар адам үшін басқа адамнан артық қызық объекті болмайтынын қателеспей айтқан. Психологияның зерттеу пәнінің негізіне, адам болмысының табиғаты, психикалық құбылыстары, үрдістері, қасиеттері кіреді. Адам дамуының заңдылықтары және оның ерекшеліктері туралы ғылыми ілімдердің жүйесі жалпы қоғамның дамуы үшін қажет. Бірақ адам жеке өзіндік арнайы мәселелері бар әр түрлі ғылымдардың амалдары арқылы кешенді зерттеулердің объектісі болып саналады. Гуманитарлық ғылымдар әлеуметтік үрдістерді зерттеген кезде психологиялық факторларды ескеру қажеттілігі туындайды. Бірақ әрбір ғылым өз пәнінің ерекшеліктерімен айрықшаланады. С.Л.Рубинштейн "Жалпы психология негіздері" еңбегінде (1940) былай деп жазды: "Психология зерттейтін құбылыстардың арнайы шеңбері анық әрі айқын көрінеді. Бұған біздің өміріміздің ішкі мазмұнын құрайтын және бізге тікелей тән уайымдар сияқты сезімдер, ойлар, ұмтылыстар, тілектер, ниеттер, қабылдаулар және т.б. жатады...". Психиканың алғашқы сипаттамалық ерекшелігі - жеке адамда тікелей өзіндік уайымдарының болуы - тікелей сезімнің негізінде ғана білініп, басқа ешқандай тәсілдермен қабылданбайды. Жаратылыстың әсемдігі қалай әдемі әрі жарық сипатталса да зағип (соқыр) оны білмейді, ал саңырау оның үнінің саздылығын тікелей қабылдаусыз сезбейді, өз басынан сүйіспеншілікті өткермеген адамға бұл сезімнің барлық ерекшелігін, шығармашылығының ләззатын және күрестің күшеюін, басқаша айтқанда, адам тек өзі ғана басынан кеше алатынды ешқандай психологиялық трактат алмастыра алмайды.

Психологияның ерекшеліктерін, ежелден, адам ақылы тысқары құбылыстар ретінде қабылдап келе жатқандықтан, оларды ғылыми тұрғыдан анықтау қиындыққа соқтырады. Шынайы бір заттың қабылдануы заттың өзінен түбегейлі айырмашылықта болатыны айдан анық. Тәннен жанды бөлек, ерекше нәрсе түрінде қабылдауды мысал ретінде келтіруге болады.

Адамдар мен жануарлардың өлетінін, адамның түс көретінін ежелгі адамдар да білген. Осыған байланысты адам екі бөліктен тұрады деген сенім пайда болған: сезілетін тәннен және сезілмейтін жаннан; адамның тірі кезінде жаны тәнінде болады, ал жан тәннен ажырағанда - адам өледі. Адамның психика туралы нақтылы көзқарасын оның жеке өмір тәжірибесі қалыптастырады. Қоғамдық және жеке тәжірибелерден алынған психологиялық қарапайым мәліметтер, бірлесіп еңбек ету үрдісінде, бірлесіп өмір сүру кезінде басқа адамның әрекеттері мен қылықтарына дұрыс жауап қайтаруға қажетті шарттар болып саналатын, ғылымға дейінгі психологиялық ілімдерді құрайды. Бұл ілімдер қоршаған адамдардың мінез-құлықтарына бағыт-бағдар беруге дұрыс ықпал етуі мүмкін. Алайда, олар дәлелсіз, тереңдетілмеген жүйесіз болып табылады. Біз оларды тек өз тәжірибеміз арқылы ғана емес, сонымен қатар көркем әдебиет, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар, мысалдар арқылы меңгереміз. Міне, осылар қазіргі заманғы психологияның барлық психологиялық теориялары мен салаларының бастаулары болып саналады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:1,2,4,8,9,13,19.

Қосымша әдебиеттер: 34,35,37

Дәріс 2.Психикалық процесстер мен күйлер

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Түйсіктің және қабылдаудың мәні мен мазмұны.
2. Қабылдау түсінігі.

1. Түйсіктің және қабылдаудың мәні мен мазмұны.

Түйсік арқылы заңдардың түсін, иісін, дәмін қатты- жұмсақтығын, кедір-бұдырлығын т.б секілді қасиеттерді ажыратады. Сондай-ақ түйсік денеде болып жататын түрлі өзгерістер жөнінде де, яғни дененің қозғалысы мен оның кеңестікке орналасуын, жеке бөліктерінің жұмысы жайлы хабарлайды. Сыртқы дүниені танып-білу түйсіктен басталады. Ол білім атаулының алғашқы көзі. Мәселен, жолдасыңнан көзін жұмуын өтініп алақанына белгісіз бір затты тигізсең, сосын одан оның неге екенін сұраған, ол: “Қатты, жылтыр, мұздай, жұмсақ, жылы, кедір-бұдыр” жауап береді. И.П.Павловтың негізгі қызметі туралы ілімі түйсіктердің пайда болуын анализатор (талдағыш) деп аталатын анризологиялық негізгі аппаратының жұмысына байланысты түсіндіреді. Адамдар мен жануарларда көптеген анализаторлар бар. Олардың қай-қайсысы болмасын (көру, есту, қозғалыс т.б) 3-бөліктен құралады. Олар:

бірінші сезім мүшесі (рецептор). Ол сезім мүшесі сырттан келген тітіркендіргіштерді нервтік қозуға айналдырып отыратын жер.

Анализатордың **екінші** бөлігі – миға баратын негізгі талшықтары.

Анализатордың **3-ші** компоненті: мидағы түрлі негізгі орталықтары.

Түйсік – болмыстың қарапайым қасиеттерін (физикалық, химиялық және т.б.), сонымен бірге қоршаған ортаның ықпалдарына болған адам сезімталдығын тікелей, сезім деңгейінде бейнелеуші психикалық үдеріс.

Түйсіктің негізгі қасиеттері: модальдығы, мекендігі, созылықтылығы.

2. Қабылдау түсінігі.

Қабылдау – бұл заттар мен құбылыстардың өздеріне тән белгілерінің мәнін түсінуден оларды тікелей тұтас күйінде сезімдік бейнеге түсіру.

Мақсат бағытына, ерік қатысына орай қабылдау екі формаға бөлінеді: **ырықсыз** (ниеттелмеген, ерік күшімен, алдын ала белгіленген мақсатпен байланыспаған) және **ырықты** (мақсат бағдарлы).

Рецепторлар қызметіне қарай қабылдау **көру, есіту және сипай сезу** түрлерімен ажыралады.

Күрделілігі, жайылымдылығы, перцептивті әрекеттерімен қабылдау **симультанды** (бір әрекетті) және **сукцессивті** (кезеңді, бірізді) формалдығына ие.

Қабылдаудың төрт түрі белгілі:

- 1. сенсорлы** (сезімдік) – нысанның сезіммен қабылданып, оның санаға өтуі;
- 2. перцептивті** - нысан мәнін түсіну, оны белгілі категорияға, объектер тобына жатқызу;
- 3. оперативті** (нақты әрекеттік) – нысанның қандай да тарапын қамтып, қызметке қосу;
- 4. іс-әрекеттік** – қызмет мақсатына орай нысанмен ықпалдас қатынасқа келу.

Қабылдау түрлері бейнеленетін нысан ерекшеліктеріне орай өзара топтасуы мүмкін, мысалы, көркем шығарманы, сөзді қабылдау, табиғат әсерлері мен өрнектерін қабылдау және т.б. әдетте, қабылдау қандай да іс-әрекетке қосыла орындалады, дегенмен ол өз алдына да, дербес жүруі мүмкін.

Қабылдаудың жалпы заңдылықтары: мағыналылығы, жалпылығы, заттасқандығы, біртұтастығы, құрылымдылығы, таңдамалы бағыттылығы, апперцепциялылығы (өткен тәжірибеге негізделуі), константтығы (тұрақтылығы).

Қабылдаудың мағыналылығы және жалпылығы. Қабылдау нәтижесі – заттың сөзбен өрнектеліп, белгілі категорияға, түсінікке қосылуы. Заттар мен құбылыстардың аса қарапайымдасқан түсінім формасы – **тану. Қабылдаудың заттасқандығы** – заттар жөніндегі ми ақпаратының шынайы заттармен сәйкес келуі. Қабылдаудың заттастығы санада қабылданып, өрнектелген бейнелердің шынайы болмыс заттарына адекваттығын (сәйкестігін) білдіреді.

Қабылдау біртұтастығы – затты тұрақты тұтастық жүйе ретінде бейнелеу (нақты жағдайда заттың кейбір бөлшектері болмай қалса да).

Қабылдау құрылымдылығы. Әрқилы нысандарды оларды құраушы тұрақты бөлшек, не белгілерін ажыратумен танимыз.

Қабылдаудың таңдамалылығы. Төңірегіміздегі мың сан заттар мен құбылыстардан біз нақты мезетте қажетімізге керегін ғана бөліп аламыз.

Апперцепция – қабылдаудың тұлғалық тәжірибеге, білімге, мүдделер мен ұстанымдарға тәуелділігі, мысалы, түбір – агроном үшін өсімдіктің жер бетінде көрініп қалған бөлігі, математик үшін – 00 фигура, тілші үшін – сөздің мәнді бөлігі.

Қабылдау тұрақтылығы – заттардың шынайы сапаларының (көлемі, түр-түсі, формасы) мида бейнеленуінің оларды қабылдау жағдайларына (жарыққа, қашықтыққа, көз салу қалпына және т.б.) тәуелсіздігін білдіреді

Қабылдау түрлері: затты, уақытты қабылдау; қатынастарды, қозғалыстарды, кеңістікті қабылдау; адамды қабылдау.

Сөйтіп **қабылдау** дегеніміз – сезім органдарына рецепторлық тітірендіргіштердің нақты әсеріне байланысты заттардың, жағдайлар мен оқиғалардың біртұтастық бейнесін қабылдау. Басқа психикалық процестермен бірге, қоршаған ортада дұрыс-сезімді жөн таба білуді қамтамасыз ету.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 3, 6, 9, 15

Қосымша әдебиеттер: 38, 40, 41

Дәріс 3. Интеллектуалды функцияларды дамыту – ес

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Ес жөнінде түсінік.
2. Ес түрлері
3. Ес процестері

1. Ес туралы жалпы түсінік:

Адам психикасының жоғары деңгейде дамығандығының арқасында көптеген нәрселерді орындай жасай алады. Біздің қоршаған ортадан алған әсерлеріміз есімізде белгілі із қалдырады. Ол іздер жеткілікті ұзақ уақытқа сақталады, және қажет жағдайда қайта жаңғыртылады. Сонымен бұрын қабылданған түрлі әсерлерді бейнелерді, көңіл-күйлерді әрекеттерді және білімдерді есте қалдыруды, есте сақтауды қажет кезінде қайта жаңғыртуды немесе ұмытуды ес деп атаймыз.

Есте сақтау – дегеніміз есте сақтайтын нәрсені бұрынан белгілі нәрсемен байланыстыру, яғни ассоциация мынандай түрлерге бөлінеді.

Ассоциация: қарапайым күрделі, аралас, ұқсас, қарама-қарсылық.

1) Іргелестік ассоциациясы бойынша бір зат жөніндегі елес өзімен бірге оған қатысы бар екінші затты қоса туғызады.

2) Ұқсастық ассоциациясынан нәрсенің, көріністің бейнелері өздеріне ұқсас бейнелерді образдарды еске түсіреді, яғни бір зат жөніндегі елес сол затқа қандайда болса да ұқсастығы бар екінші затты елестетеді.

3) Қарама-қарсылық ассоциациясында бір зат туралы елес оған қарама-қарсы екінші затты немесе құбылысты еске түсіреді.

Ес – дегеніміз адамның бұрын қабылдаған нәрселер мен құбылыс бейнелерінің, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруын айтамыз. Ес күрделі процесс.

Бейнелі-көрнекілік ес заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, нақты бейнесін ойда қалдырып, қайта жаңғыртуда айқын көрініс береді. Естің бұл түрі арқылы табиғат көрінісі, бастан кешкен оқиғалар, дыбыс, иіс, дәм саңғыртылады.

Қимыл-қозғалыс есі дегеніміз — ойын, спорт, енбек, оқу әрекеттеріне байланысты әр түрлі қимыл-қозғалыстар мен әрекеттерді есте қалдырып, оларды қайта жаңғыртып отыру. Мысалы, коньки тебу, машинада жазу, өлең-сөздерді жаттау, қой қырку т. б. Естің бұл түрі қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың, негізі болып табылады.

Эмоциялық ес бойынша адам басынан кешіргендерін еске түсіргенде, бозарады, не қызарады.

Кейде **эйдетикалық есі** бар адамдар да кездеседі. Мұндай адамдар заттар мен құбылыстарды көз алдына нақты елестетіп, олардың жеке қасиеттері мен бөлшектерін айқын ажырата алады. Олардың сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерге күшті қозудың нәтижесі болып саналады.

Сөздік-мағыналық (логикалық) ес біздегі ой, ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты түрлі формалар арқылы із қалдырып отырады.

Ерікті және еріксіз естер. Естерді ерікті және еріксіз деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Белгілі мақсат қоймай-ақ, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру еріксіз ес деп аталады. Егер мақсат қоятын болсақ, онда бұл ерікті ес болады. Мұнда есте қалдыру мен жаңғырту, еске түсіру, жаттап алу үшін мнемоникалық амалдар қолданылады.

Қысқа мерзімді және түпкілікті ес. Оперативтік ес. Қажетті материалдар мен нәрселерді есте сақтау үшін адам тиісті әдіс-тәсілдер қолданып, оны қалай да жадында қалдыруды мақсат етеді. Бұл сол әсер еткен нәрселер ізінің консолидациясы немесе мағлұматтардың есте берік қалуы деп аталады.

Көркем әдебиет пен ауызекі тілде қысқа мерзімді ес «алғашқы ес», «шапшаң көрініс» деп айтыла береді. Дегенмен, психология ғылымында ол **оперативтік ес** (түрлі амал-тәсілдер есі) деген атпен белгілі.

Ес өте күрделі жан қуаты болғандықтан, оның өз ішінде отау тіккен бөліктері бар. Бұларды есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту және сақтау деп бөлуге болады.

Ес процестері: қайта жаңғырту, ұмыту, есте сақтау, тану.

Есте сақтау- алынған әсерлерді есте ұстауға бағытталған, есте ұстаудың алғы шарттары болып табылатын процесс.

3. Ес жайлы жалпы түсінік.

Ес – адамның болмыспен өткендегі өзара ықпалдасты қарым-қатынасының психикалық бейнесі, оның тіршілігіне қажет ақпараттық қор.

Ақпаратты сақтау қабілеті және оны іріктеп, таңдаумен қажетті іс-әрекетке қосып баруы, әрекет-қылықты реттеу үшін пайдалануы – тек өкілің қоршаған ортамен байланысын қамсыздандырушы мидың негізгі қасиеті. Ес арқылы өмір тәжірибесі бірігеді, адамзат мүдениеті мен жеке бас тіршілігі

үздіксіз дамиды. Ес негізінде адам бүгінгісін бағдарлап, келешегін болжастырады.

Есті **интеллекттік және тұлғалық** жүйешелер ретінде белгілі құрылымға ие қызмет, үдеріс, психикалық болмыс деп сипаттауға болады.

Ежелден қалыптасқан ғылыми көзқарастар бойынша ес, бір тараптан – психикалық қызмет (функция), ал, екіншіден – үдеріс (процесс) ретінде қарастырылып жүр.

Естің **психикалық қызметі**, яғни қандай да мнемикалық (лат. mnema – ес) нәтиже беруге қатысуы, оның психикалық болмысы (реальность). Бұл жағдайда назарға ес тиімділігінің нәтижелілік тарапы алынады.

Ес тиімділігі – бұл мнемикалық іс-әрекеттің өнімділігі, сапасы және сенімділігі

Ес нәтижесі оның үдерістік табиғатының (процессуальная сторона) салдары.

Ес психикалық үдеріс ретінде мнемикалық әрекеттерімен, мнемикалық амалдарымен, есте қалдыру және қайта жаңғырту және т.б. кезеңдерімен сипатталады. Ес үдерісінің жалпы мнемикалық мазмұнын суреттеп, баяндау үшін **бес үдеріс түрін** ескеру қажет. Олар: есте қалдыру, есте сақтау, ұмыту, тану және қайта жаңғырту.

Есте қалдыру – бұл санаға жаңадан түсіп жатқан ақпаратты ұйымдастыру (рәміздей, бекіту, «меншіктеу»). Есте қалдыру шартты түрде екіге бөлінеді: ақпараттың өзін тікелей **жадта рәміздеп** (кодировать) **бекіту** және ақпараттан алған әсерді ғана **есте қалдыру** (запечатление).

Есте сақтау – есте қалдырылған ақпаратты белсенді не енжар (ырықты не ырықсыз) қайта өңдеп, меншікті ақпаратқа айналдыру (трансформация).

Ұмыту – сақтауға кері үдеріс, есте қалдырылған материалды қайта жаңғырту не тану мүмкіндіктерінің кемеюі.

Қайта жаңғырту – бұрын есте қалдырылған материалды тіктеу (реконструкция). Қайта жаңғырту үдерісі «тіл ұшына келтіру» (припоминание) және еске түсіру әрекеттерін де қамтиды.

Тану – нысандар мен құбылыстарды олармен тікелей қатынасқа түскен сәтте бұрыннан белгілі қалпында қабылдау.

Есті есте қалдыру, сақтау, қайта жаңғырту мақсатындағы ақпаратты ұйымдастыру үдерістерінің жүйесі және сол ақпаратты өңдеу қызметін атқаратын тұлғаның танымдық қабілеттері мен ол меңгерген білімдердің жүйелі арақатынасқа келуін қамтамасыз ететін **интеллекттік** жүйеше деп те қарастыруға болады.

Ел не өндірісті басқарған адам іс-әрекетінде белгілі мөлшерде естің барша негізгі түрлері көрінеді. Егер есті уақыт- мерзімге орай топтастыратын болсақ, ендеше оның келесідей түрлерін ажырата білу қажет: **қысқа мерзімді, нақты іс-әрекеттік (оперативті) және ұзақ мерзімді.**

Қысқа мерзімді ес – қабылдау аймағына түскен нысандар мен жағдайлар тобын бір көргеннен тікелей байқау және бекіту қызметін атқарады. Мұндай мерзімді естің қызмет бабы 30 секундтық, қабылдау көлемі - 5-7 нысан.

Нақты іс-әрекеттік ес – қажетті әрі мезеттік іс-әрекет нәтижесіне жету үшін ғана жасалған ақпаратты іріктеп сақтау және іске асыру жұмысына бағытталады. Бұл ес үдерісінің жалғастығы орындалатын іс-әрекетке жұмсалған уақыт мөлшерімен сипатталады.

Ұзақ мерзімді ес – аса жоғары маңыздылыққа ие болған ақпаратты түбегейлі не ауқымды уақыт жадта сақтау қызметімен байланысты.

Осыған орай **көру есі, есту есі, иіс сезу есі, сипай сезу есі және дәм сезу есі** ажыралады. Іс-әрекет мақсатына орай келесідей ес түрлерін айыра белгілеуге болады:

1) **ырықсыз ес** – ақпараттың өздігінен, қандай да арнайы жаттауды қажет етпестен іс-әрекет барысында есте қалу түрі. Мұндай ес балалық шақта аса күшті дамиды да жас ұлғайған сайын бәсеңдейді;

2) **ырықты ес** – ақпараттың жадта қалуы мақсатқа байланысты, арнайы тәсілдерді қолданумен орындалады.

Ырықты естің тиімділігі есте қалдыру мақсатына (қаншалықты берік, ұзақ уақыт жадта сақтау қажетіне орай); жаттау тәсілдеріне тәуелді.

Сөйтіп, ес жеке тұлғаның артуын және тұтастылығын қамтамасыз етеді, адамның тану қызметінде және ішкі істер орган қызметкерлерінің кәсіби жұмысында маңызды орын алады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 10, 11, 17, 20

Қосымша әдебиеттер: 38, 41, 43

Дәріс 4. Интеллектуалды функцияларды дамыту – ойлау

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Ойлау жөнінде түсінік
2. Ойлаудың түрлері және оның даралық ерекшеліктері
3. Ойлау операциялары.

Ойлау жөнінде түсінік.

Ойлау дегеніміз - әлеуметтік жағдаймен ұштасқан, тілмен тығыз байланысты психикалық процесс, сол арқылы болмыстың, дүниедегі нәрселердің жалпы және жанама бейнеленуі. Бұл бейнелену адам ойының талдау және біріктіру әрекеттері арқылы танылады. Бір сөзбен айтқанда, ойлау – сыртқы дүниедегі болмыстың жалпы жанама жолмен біздің санамыздағы ең биік сатыдағы бейнесі. Ойлау адамның өмір тәжірибесі мен практикалық іс - әрекеттері нәтижесінде пайда болып, тікелей сезім процесінің шеңберінен әлдеқайда асып түседі.

Ойлаудың сезімдік таныммен және тілмен байланыстылығына тоқталсақ:

Ойлау арқылы танып білу тікелей сезімдік процестерге негізделмеген, олардың көптеген ерекшеліктерін тікелей сезім арқылы тану мүмкін емес және олардың мән – жайы айқын бейнеленбейді.

Ойлаудың тілмен тығыз байланысты болуы және оның қоғамдық мәні адам ойлауы дамуының қоғамдық – тарихи сипатта болатындығын көрсетеді.

Адамның дүниетанымы, білімі және өмір тәжірбиесінен жинақтаған мағұлматтары ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып ауысып отырады. Бұл – тарихи фактор. Адам ақыл – ойының дамып жетілуі мен білімінің өсуі әрбір ұрпақ жасаған білім қорын меңгеріп, оларды әлеуметтік өмір қажеттіліктерін қанағаттандырып отыруға пайдаланылады. Сөйтіп, тарихи даму адам баласының қоғам өміріндегі қарым – қатынасын нығайтады.

Ойлаудың түрлері және оның даралық ерекшеліктері

Біріншіден, ойлаудың түрі нақтылы іс - әрекет пен қимыл – қозғалыс жағдайындағы практикалық іспен ұштасқан.

Екінші, бейнелі ойлау мектеп жасына дейінгі балаларда қарқынды дамып, олардың заттарды ұстап – тұтынуы нәтижесінде қалыптасады.

Үшінші, абстрактылы ой.

Ойлаудың даралық ерекшеліктері адамның танып білуінің сапалық сипаттары мен ерекшеліктерін қамтитын ақыл – ойдың қызыметі болып саналады. Ондай салаларға өз бетінше ойлау, оның оралымдылығы, ойдың тездігі мен ұшқырлығы сияқты қасиеттер жатады. Барлық ойлау әрекетіне тән басты қасиет – дара адамның әрбір нәрсенің мәнді қасиеттерін өздігінен ажыратып, олардан жаңа қорытындылар жасай білу. Ойлау әрекетіндегі адамның мұндай сапалылық қасиеті – нәрселердің мән-жайын дұрыс ұғынып, олардың жалпы заңдылықтары мен өзара байланысын ашып беруге қабілетті болатындығы. Мұндай әрекет ойлау жүйесін жетілдіріп, адамның ақыл – ойын өрістетеді.

Ойлау операциялары.

Ойлау операциялары: анализ, синтез, салыстыру, абстракция, нақтылау, жалпылау, жүйелеу.

Ойлаудың күрделі операциялары: абстракция, жалпылау.

Анализ дегеніміз – ой арқылы түрлі заттармен құбылыстарды мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу.

Синтезде - ой арқылы заттың құбылыстың барлық элементтері біріктіріледі. Анализ бір-бірімен тығыз байланысты. Бірінсіз бірі болмайтын құбылыс.

Анализ бен синтездің негізінде **салыстыру** дейтін ой операциясы пайда болады. Салыстыруда заттардың ұқсастық айырмашылық қасиеттері айқындалады.

Абстракцияға қарама –қарсы операцияны **нақтылау** деп атайды. Нақтылау абстракциялық ұғымды соған сәйкес келетін жеке ұғымдармен түсіндіру яғни жеке заттармен нәрселер туралы ой.

Абстракциялау- шындықтағы заттар мен құбылыстарды жалпылау арқылы оның елеулі қасиеттерін басқа қасиеттерін басқа қасиеттерінен ойша бөліп алу.

Жалпылау– бір текті заттардың құбылыстардың ортақ қасиеттерін оймен біріктіру.

Жүйелеу – жалпылау арқылы шындықтағы заттар мен құбылыстарды белгілі принцип бойынша орналастыру.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:1, 2, 10, 11,17,20

Қосымша әдебиеттер: 38, 41,43

Дәріс 5. Интеллектуалды функцияларды дамыту – қиял

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Қиял және оның өзге психикалық процестермен байланысы
2. Қиялдың түрлері.

Қиял және оның өзге психикалық процестермен байланысы

Адам бұрын өзі көріп білмеген нәрселерінің бейнесін алдына елестетіп, олардан жаңа бейне жасайды. Немесе бұрынғы қабылданған, жиналған бейнелерге сүйене отырып, өз басында тың, соны, жаңа елестер мен идеялар тудырады. Осындай жаңа, соны бейнелер мен идеяларды **қиял** деп атаймыз. Қиял - тек адамға ғана тән, соған меншікті психикалық процесс. Жануарлар дүниесінде мұндай функция болмайды. Өйткені, қиял — адамның еңбек әрекетімен дамитын психикалық қызмет. Ол басқа да психикалық процестердің, түрлері сияқты шындықты бейнелеп, болмыстағы оқиғалармен бірлікте пайда болып отырады. Қиял арқылы пайда болып отыратын жаңа бейнелер адамның білім қорына, нақты образ-дарға, тұрақты елестерге негізделеді. Адамның әрқилы психикалық әрекеттерінде бір ғана процестің дараланып жеке кездесуі мүмкін емес. Ондай процестер бір бағытпен, арнамен өзара ұштасып, араласып жатады. Солардың ішінен адам әрекетінде бір-екеуі жетекшілік қызмет атқарады. Сонымен, қиял дегеніміз — бізді қоршаған сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың образдарын жаңғыртып, оларды өңдеп

Қиялдың түрлері.

Өзіндік ерекшеліктері мен олардан туындайтын себептерге орай, қиял ырықсыз, ырықты болып екіге бөлінеді. Психологиялық әдебиеттерде ырықсыз қиялды пассив қиял, ырықты қиялды актив қиял деп те атай береді.

Ырықсыз қиял адамның алдына мақсат қоймай-ақ, басындағы елестердің ағытылып, бірінен соң бірі өтіп жататын кезінде туады. Қиялдың бұл түрі төменгі сынып оқушыларында жиі кездеседі. Ұйқылы-ояу кезде де ырықсыз қиялдар өздігінен туындап жатады.

Қиялдың саналы әрі жемісті түрі — ырықты қиял. Бұл — адамның алдына саналы түрде мақсат қоя отырып, әдейі образдар жасау мен қажетті бейнелер тудыруы.

Қайта жасау қиялы адамның өмір тәжірибесінде кездестірген, бұрын болған бейнелерді қайта жаңғыртып елестететін сөздік тітіркендіргіштерге байланысты туындайды.

Қайта жасау қиялы — адамның ой-өрісін дамытып отыратын психикалық процесс. Қиялдың бұл түрінің тәлім-тәрбие ісінде ерекше маңызы бар. Мысалы, оқырмандар Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Дәркембайдың бейнесі арқылы кедей шаруалар мен жатақтардың тұрмыс халін көз алдарына елестетіп, пайымы кең, ақыл-

парасаты терең кісілердің оқымаған адамдардың арасынан да жиі кездескендігіне көз жеткізеді.

Қайта жасау қиялы адамның барлық қызметі мен іс-әрекетіне қатысты. Өйткені, әрбір адам өзі істеген жұмының нәтижесі мен пайдасын күнілгері көз алдына келтіріп, қиялы арқылы оларға шолу жасайды.

Қиялдың ең жоғары түрі — жасампаздық қиял. Қиялдың бұл түрі арқылы жаңа бейнелер мен образдар жасалады. Шығармашылық жасампаздық қиял қайта жасау қиялы сияқты нақты суреттер мен шартты бейнелерге сүйенеді. Адамның шығармашылығы, ол жасаған туындылар — қоғаммен бірге дамуда рух беріп, жігерлендіріп отыратын күш.

Шығармашылық қиял арқылы жасалатын жаңа туындылар мен өнімдер әрқилы жорамалдар жасап, көп ізденуді талап етеді. Алға қойған міндеттерді шешуде көпке дейін нәтиже шықпай, іздеген образ жасалмайды, зат тетіктері үйлеспейді. Шығармашылық қиялдану үстінде адамның іздегені күтпеген жерден, кенеттен тууы да мүмкін. Адам басында көптен бері жүрген мәселенің кенеттен, күтпеген жерден шешімін табуы, оған тиісті жауап алынуы психологияда интуициялық процесс деп аталады. «Интуиция» латын сөзі — шуғылданып қарау деген мағынаны білдіреді. Кертартпа психологтар интуицияға «іштен жарқырау» не «құдыреттің күшімен тану» деген анықтама береді.

Адам қиялының ерекше бір түрі — **арман**. Бұл — актив әрекетшіл қиял, өз мақсатымыз бен мүддемізге орай бейнелер жасау, игі мақсат-мүддемізді іс жүзіне асыруды қиялдау.

Арман — қиялдың ерікті түрі, ол әрі саналы, әрі белсенді сипатқа ие. Әрекет етудің орнына адам бос қиялға берілсе, онда оның бұл жағдайы босқа адасу, жігерсіз әрекет болар еді.

Адамның жігерсіз іс-әрекетіндегі қиялдың бір түрі — **мұң**.

Мұң — адамның бұрын басынан кешірген қолайсыз оқиғалары мен сәтсіз істері жайындағы ойы, мақсатты істерінің жүзеге аспауы туралы, оған себепкер болған жайттар жайындағы қиялы. Осындай қолайсыз бейнелердің тізбегі кім-кімнің болмасын тынышын кетіріп, ойын-бөледі. Бұл — қиялдың әрекетсіз түрі, сондай-ақ, шындықтан жалтару болып саналады. Әдетте, еркі күшті адам мұндай қолайсыз қиялдан арылудың жолын іздестіріп, мақсатты істі жүзеге асыру әрекетіне ауысада, өзін-өзі меңгереді.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1, 2, 10, 11, 17, 20

Қосымша әдебиеттер: 38, 41, 43

Дәріс 6. Тұлғаның жеке типтік қасиеттері

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Темперамент туралы мінездемесі, және олардың типологиясы.
2. Мінез және олардың түсінігі

Темперамент, мінез және олардың типологиясы.

Темперамент — жүйке жүйесінің тұрақсыздықтарынан, туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Ол адамдардың эмоциялық қозғалышынан, қимыл-қозғалысынан, жалпы белсенділігінен жақсы байқалады.

Темперамент туралы алғашқы ой-пікірлер ғылымда өте ерте кездің өзінде-ақ айтыла бастады. Ежелгі Грецияның белгілі ғалымы, дәрігер Гиппократтың (б. э.460—356) еңбектерінде бұл жөнінде біраз пікірлер айтылған. Гиппократтың ойынша, әр түрлі темпераменттер адамдар мен жануарлардың денесінде төрт түрлі сұйық заттарға байланысты болмақ. Олар: денені жылытып тұратын — қан, салқындататын — шырын /слизь/ құрғататын — бауырдағы сары өт және оған дымқылдық беретін кара өт (талақ). Осы төрт түрлі сұйықтың, араласуының пропорциясын грекше «красис» деп атаған, Ал латын тілінде бұл терминді **темперамент** деп атап кеткен.

Жүйке жүйесінің типтері ми қабығындағы қозу, тежелу процестерінің үш негізгі белгісінің (күші, тепе-теңдігі, қозғалыштығы) жиынтығынан құрастырылады.

Жүйке процестерінің күшіне — ми қабығының жұмыс істеу қабілеттілігі, яғни сыртқы ортаның түрлі тітіркендіргіштеріне мидың, төзімділігі жатады. **Жүйке процестерінің тепе-теңдігі деп қозу мен тежелудің бір-біріне тең келуін айтады.** Жүйке процестерінің қозғалыштығы деп олардың бірінің екіншісіне алмаса алу қабілеттілігін айтады.

Сангвиник темпераментінің өкілі, Павловтың айтуынша, қуатты, тұрлаулы, ширақ тип ойнақы, еті тірі бірақ кез-келген істі бастап кейін тастап жүре береді. Ол жұмысқа қабілетті, беріліп істейді, басқа адамдармен тез тіл таба біледі, ұжым арасында өзін көңілді ұстайды, былайша айтқанда, ақ көңіл, қызу істің адамы. Оның осал жері — іс жоқ кезде сылбыр күйге түсіп кетеді, енді бірде жеңіл мінезділікке салынады. Бұл оның эмоцияларының тұрақсыздығынан және жалпы қозғалыштығынан туатын жайттар.

Флегматик темпераментіндегі адам, көбінесе, салмақты, сабырлы келеді. Олар кез келген нәрсеге сезім білдіре бермейді, асықпай, баппен жүріп-тұрады, сезімдері сыртқа шықпайды десе де болады. Осы темпераменттің бір осал жері— қимыл-қозғалыстың баяулығы, өмірде болып жатқан жағдайларға селсоқ қарайтындығы, оңтайлылықтың жоқтығы. Бірақ мұның ұстамдылығы, салқынқандылығы, адамның мінез бітістері үшін таптырмайтын қасиет болып табылады.

Меланхолик темпераментіндегі адамға әсер етпейтін нәрсе жоқ, бірақ әсер еткен нәрсесінің бәріне өз сезімін білдіре бермейді не де болса ішінде жүреді.

Табиғи жағдайда темпераменттердің “таза” түрін ажырата алу, көбінесе қиынға соғады. Ойткені, олар адамның өмір барысында қалыптасатын әр түрлі ерекшеліктерінің көлеңкесінен жөнді көрінбей қалуы да мүмкін.

Мінез туралы жалпы ұғым.

Әр адам сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштеріне өз әлінше түрліше жауап қайтарып отырады. Бұл жауап реакциялары оның сыртқы дүниемен қалайша қатынас жасайтынын көрсетумен қатар, біртіндеп беки келе, сол адамның үйреншікті әдетіне, мінез-құлқының мәнеріне айналады. Сөйтіп, әр адамда әр түрлі мінез бітістерінің болуы оның сыртқы ортамен түрліше қарым-қатынас жасауының нәтижесі болып табылады.

Мінез сапаларының бірі - оның бірқалыптылығы. Мұндай адам кұйндай ұйтқып тұрмайды, оның қастерлейтіні ылғи да сөз бен істің бірлігі. Кімнің мінезі толық болса, соның мінезі бірқалыпты да келеді. Бұл екеуі мінездің егіз қозыдай, бірінен екіншісі ешқашан ажырамайтын бітістері. Мінездің тұрақтылығы адамның саяси моральдық ұғымынан, түсініктерінен туындайды. Бұл қасиеттер адамның өмір сүруінің мән-мағынасын, әрекетінің мазмұнын белгілейтін мінездің сапасы.

Мінез үшін тұрақты қасиеттердің мәні өте зор. Мәселен, барлық жерде де адам тәртіп сақтай алатын болса, тек сонда ғана тәртіптілікті сол кісінің мінез бітісі ден санауға болады.

Мінез адамның басқа психикалық қасиеттерімен, атап айтқанда, қабілет, темпераментімен тығыз байланысты. Адамда қабілеттіліктің дамуы кейбір тиісті мінез бітістерінің болуын қажет етеді. Мәселен, табандылық уақытша сәтсіздікке мойымау, еңбек сүйгіштік, энтузиазм сияқты мінез бітістерінің қабілеттер үшін ерекше маңызды екендігі түсінікті. Ал темперамент болса, мінез бітістеріне өзіндік бояу, реңк береді. Жақсы мінездің ықпалымен темпераменттердің де кейбір нашар жақтары өзгеріп отырады. Мінезді қалыптастыруға ерік-жігердің қосар үлесі зор. Еркі кушті адамның мінезі де берік. Жігерсіз адамның мінезі де бос, сылбыр келеді.

И. П. Павлов адамның мінез бітістерін жоғары жүйке қызметінің тума типтері мен өмір сүру барысында қалыптасатын уақытша жүйке байланыстарының өзіндік “құйындысы” деп тусіндірді. Бұл жөнінде ол былай деп жазды: «адамның мінез-құлқының бейнесі жүйке жүйесінің туа біткен қасиеттеріне ғана байланысты болып қоймайды, сонымен бірге, организмнің жеке өмір сүру барысында болатын ықпалдарға да байланысты, демек, кең мағынасында айтқанда, үнемі тәрбиелеу немесе үйрету жұмыстарына да байланысты болады».

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,19.

Қосымша әдебиеттер: 34,35,37

Дәріс 7. Қарым-қатынас психологиясы.

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Ішкі істер органы қызметкерінің кәсіптік қызметіндегі қарым-қатынастың ролі.
2. Коммуникативті әсер етудің құралдары мен тәсілдері
3. Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Қызмет процесінде адамдарға өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға тарақ келеді. Олар ақпараттарды алмасады, бір-біріне әсер етеді, оқыту жүргізеді, тәжірибе алмасады.

Қарым-қатынасқа жетті қызметтің түрлі аспектісін ұсынады. Қарым-қатынас процесінде жәнетек соларқылы ғана адамның маңыздылығы көрінеді, өз ара түсіністік, жұмыс орындаудағы жөнгесалынғандық пайда болады, қандай да бір жағдайларда бір-бірінің мінезін болжау қабілеттілігі өседі, немесе керісінше шиеленістер және моральдік кереғарлықтар, жұмыстағы алауыздық, қарым-қатынас жасаушы серіктесінің мінезін болжай алмау болады.

Ішкі істер органы қызметкерлері халықпен қарым-қатынас жасағанда қызметтік тапсырмаларды олардың адамдармен қарым-қатынас жасай алуы ептіліктерімен шешеді, психологиялық байланысты орнату соңындағы қортынды және олардың қызметінің әсерлілігін етәуелді болады.

Коммуникативтік қасиеттері ішкі істер органы қызметкерінің кәсіптік шеберлігі құрылымындағы маңызды элемент болып табылады.

Психологиядағы қатынас деп нені түсінуге болады?

Қарым-қатынас адамдар арасындағы бір-бірімен психологиялық қарым-қатынаста байланысты, мақсатты түрдегі, тікелей немесе жанама түрдегі қандайда болмасын құралдарымен байланысты орнату мен қолдау процесі.

Ішкі істер органы қызметкерлерінің қызметтегі әрекеті коммуникативті байланыстарсыз мүмкін емес. Қарым-қатынас қызметкерлер мен азаматтар арасындағы реттеушінің ролін атқарады. Бұл процесстің маңыздылығы түрлі нормативтік актілерде көрсетілген. Оларда полициядағы күнделікті қызмет барлық жергілікті халықтың көз алдында және мицияның беделі адамдармен қарым-қатынасында көрінеді делінген. Полицияның әр қызметкері азаматтармен атынас жасағанда өте сыпайы және тактикалы болуы қажет, олардың мінездерін әділ бағалауы тиіс. Полиция қызметкері өзінің сырт келбетіне аса назар аударуы тиіс.

Сонымен қатар ішкі істер органы қызметкерінің коммуникативті әрекеттерінің өзіндік ерекше екендігін ескерген жөн. Оның бір қатар психологиялық ерекшеліктері бар, олар бір жағынан оны ерекше етеді, ал екінші жағынан оны күрделендіріп жіберуі мүмкін.

Ішкі істер органындағы қарым-қатынастың маңызды психологиялық ерекшеліктері болып *кәсіптік бағыттылық табылады*, ол қылмыс жасаған қылмыскерлермен, куәгерлермен, жәбірленушілермен және т.б. тұлғалармен байланысты, яғни қарым-қатынастың параметрлерінің белгілі тапсырысы болады. Қызметкерлер жағынан – ол шындықты орнату, ал қылмыскерлер жағынан – қылмыс жағдайларын бүркемелеп қалу, жауапкершіліктен құтылып кету, өтірік ақпарат беру. Мұндай жағдайда қызметкерлер қарым-қатынасының сипатты ерекшелігі болып *нормативтілік* табылады. Мысалы, тергеушінің тергеуге алынған кісімен қатынасы процессуалды заңның нормаларымен регламенттелген.

Қарым-қатынастағы елеулі қиындықтар өзінің әңгімелесушісіне жағымсыз қатынасына қарамастан ол қарым-қатынас жасауға мәжбүр болатындығында және т.б. – қарым-қатынас оның қызметінің ажырамас бөлігі.

Коммуникативті әсер етудің құралдары мен тәсілдері

Қарым- қатынастың тілдік емес құралдарының басқа тобы – ол **вокализация** жүйесі, яғни дауыс сапасы, оның диапазоны, тональдылығы және т.б. жатады. Осы толықтырулар ақпараттың маңыздылығын ұлғайтады және тілге деген өзіндік «қосымшалары» болып табылады.

Тілдік емес құралдардың үшінші тобына коммуникативті процессті ұйымдастырудың кеңістігі мен уақыты кіреді, олар ерекше белгілік жүйе және мәндік жүктемесі бар. Кейінгі кездері психологиялық зерттеулерге қатысушылар арасындағы дистанцияның мәніне және әңгімелесушілердің орналасуындағы қатынастың әсерлілігіне назар аударылған.

Жұқтыру - белгілі образда адамдар бұқарасын интегралдайтын, әсіресе бұқарасын шашыранқылықта, діни экстазда, бұқаралық психозда және т.б. туындайтын құбылыстар. Жалпы алғанда психикалық жағдайда анықталған индивидтің санасыз және еріксіз душар болуы деп айтуға болады.

Эмоционалдық жағдай адамдар көп жерге туындайды, білім алушы адамдарға эмоционалды әсер етуде өз ара бірнеше рет күшейту механизмі.

Иландыру – дәлелсіз кейбірі бекітілетін немесе жоққа шығаралатын хабарламаларды сынсыз қабылдауды ескерген коммуникативті әсер ету тәсілі. Білім дамуының қазіргі деңгейінде бұл психологиялық құбылыс әдетте илану, логикалық дәлелсіз қалыптасқан сенімділікті тірек етеді немесе нақтырақ айтқанда автоматты түрде индивидтан индивидке, ұжымнан жеке тұлғаға ауыстырылады және керісінше».

Наным – ол адамдардың санасына, сезіміне және ерігіне қарым-қатынас құралымен, қандай да бір ереженің түсіндіру мен дәлелдеу дұрыстығына, көзқарастармен ұстанымдарға, қатынастар мен бағалауларға өзгеруді болдырмау мақсатындағы әсері. Наныммеханизміадамныңақыл-ойлықәрекетінбелсенділендіруденегізделген.

Нанымішкіістерорғанықызметкерлеріазаматтарғаәсеретуініңбастыәсере тутәсіліболуытиіс. Онықолданукөптегеншарттарғатәуелді, оларғажататыны:

- әсер етішіні жеке нандыру;
- оның ғылыми дайындығы мен эрудициясы;
- хабарланған фактілердің, оқиғалардың, әрекеттердің шыншылдық, нақтылық және дұрыстығы;
- қолданылатын фактілер сипатты. Типтік болуы тиіс;
- адамдарды өзіне қарата алу, олардың сеніміне кіру;
- әсер етушінің талаптылығы, оның ұстамдылығы және тактілігі.

Еліктеудеп үлгіні саналы және саналы емес көшіру аталады. Ол адам құрайтын топтардың, ұжымдардың мінез-қылығының ұқсас тәсілдерін жасап шығаруға көмектеседі. Тұлғааралық қабылдау әсерлерінің бірі – «ореол әсері», ол өзге адамның қабылдауына және оның тұлғалық жеке

қасиеттерді бағалауды жалпы сезінуі жағымды болса, онда оның жағымды қасиеттері асыра бағаланады, ал жағымсыз болса ескертіледі. Осы әсерден милиция қызметкері қылмыскердің мәңгілік түзелуге деген «қадамдарын» көре алады және де оған көмектесе алмайды.

«Стереотиптік әсер» қабылданушы адамда оған қасиеттерді әлеуметтік топқа сай тарату құралымен көрінеді.

Біздің әрқайсымыздың белгілі әлеуметтік стереотиптеріміз бар – оқытушының, әскери адамның, қылмыскердің және т.б.

Әлеуметтік қабылдаудың әлеуметтік қондырғымен әсерлері оның туындауына жағдай жасайды.

Кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыту

Ішкі істер қызметкерінің оған жүктелген қызметтерді табысты жүзеге асыруды анықтайтын кәсіптік қарым-қатынас дағдылары, оперативті-қызметтік шешімдердегі азаматтармен психологиялық байланыс орнату ептілігі табылады.

Психологиялық байланысты орнату жағдай жасауға арналған мақсатты, жоспарлы қызмет, қарым-қатынас бағытын қажетті бағытта дамуын және мақсатына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Қызметкерлер азаматтармен оперативті-қызметтік тапсырмаларды шешеуде орнатылатын психологиялық байланыс оперативті-қызметтік қызметтегі маңызды параметр болып табылады және күнделікті өмірдегі адамдар арасындағы психологиялық байланыста елеулі түрде өзгеше. Басты айырмашылықтары ішкі істер органы бөлімінің нормативтік құжаттарында ескерілген.

Байланыс орнату – ол болатын қарымқатынас процессін оңтайлы жеңілдету. Байланыс түсінігі адамның адамның қарым-қатынасқа түскісі келуі, оның қабылдауға, ақпаратты өңдеуге, сенімді ақпаратпен алмасуға қабілеттігі.

Психологиялық байланыстар орнатудың бірнеше кезеңдерін бөліп көрсетуге болады, оларға қарым-қатынастың даму процессінің жалпы бөлігі енгізілген:

1. Алдағы қарым-қатынасты болжау. Психологиялық байланыстарды орнатуда мақсатқа оңтайлы қол жеткізу үшін алдын-ала әрекеттердің жоспарын құрған жөн, болашақ қарым-қатынасты болжау керек. Ол үшін алдын-ала тұлға туралы мәліметтер жинау қажет. Коммуникативті қасиеттері туралы мәліметтер болуы тиіс. Тұлғаның байланыс орнатуы жеңілдетілетін психологиялық қасиеттері бар - ашықтығы, қызығушылығы, әдептілігі, тактілігі.

